



БҰЙРЫҚ
№ 162 - А

ПРИКАЗ
№ 01.09.2023 м

**Мектепте құқық бұзушылықтың,
зорлық - зомбылық пен әлімжеттіктің,
буллингтің алдын алу туралы.**

Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылық пен әлімжеттіктің, буллингтің алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылық пен әлімжеттіктің, буллингтің алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары жасалып бекітілсін.
2. Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың, әлімжеттіктің, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізу, сынып сағаттары, бейне роликтер көрсету сынып жетекшілерге тапсырылсын.
3. Мектеп оқушылары, ата-аналар және сынып жетекшілер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша семинар-тренингтер, пікір сайыстар ұйымдастыру мектептің педагог-психологтарына жүктелсін.
4. Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың, әлімжеттіктің алдын алу мақсатында ата-аналармен жиналыс, түнгі, күндізгі рейдтер ұйымдастыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына жүктелсін.
5. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың бос уақытын тиімді пайдалану және отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында мектепте спорттық жарыстар ұйымдастыру дене шынықтыру пәні бірлестік жетекшісіне тапсырылсын.
6. Осы бұйрыққа сәйкес тиісті жұмыстарды үйлестіру, басшылық пен бақылау жасау және орындалу жауапкершілігі мектеп директорының орынбасарлары К.Усенов пен Р.Бсжановаға жүктелсін.

Мектеп директоры:



А.Камбарова